


НУРДІСЕМ БАЙТАЛЫ



казина

Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының ректораты республикалық «Арыс» Қорымен бірлесе отырып, Мемлекеттік және Ақтөбе облыстық «Мәдени мұра» бағдарламаларына үлес қосу мақсатында «Қазына» атты жаңа жобаны жүзеге асыруға кірісті.

Жоба жетекшісі – профессор, экономика ғылымдарының докторы Фалымжан Нұрышев

Нұрнегіс БАЙҒАНЫШ

**Естеліктер
Таңдамалы шығармалар**

**“Арыс” баспасы
Алматы
2006**

ББК 84 (5 Қаз)
Н 83

Жинақты құрастырып, баспаға дайындаған
доцент Ж. Асанов

Пікір білдіргендер:
академик Р. Бердібай,

А. Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті;
академик Р. Нұрғали,

Л. Гумилев ат. Евразия мемлекеттік университеті

Н'83 Нұрпейіс Байғанин. Естеліктер. Таңдамалы шығармалар /Құраст. Ж. Асанов. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. — 312 бет.

ISBN 9965-17-302-8


Кітапқа ұлы жыршы, эпик ақын Нұрпейіс Байғаниннің (1860—1945) өшпес мұрасы, таңдамалы өлең, толғау, дастандары топтастырылып отыр. Ақын-жыраудың көзін көріп, жырларын тындаған қазақ әдебиеті классиктерінің естеліктері де тарихи дерекнама ретінде ұсынылды.

Жинақ ғасырлар тезіне төтеп берген асыл мұра — сөз өнерін қастер тұтқан көпшілік қауымға, әсіресе жас буын, өскелен үрпакқа арналған.

ББК 84 (5 Қаз)

Н 4702250200
446(05)-06

ISBN 9965-17-302-8



© Байғанин Н., құраст.,
Асанов Ж., 2006
© «Арыс», 2006

* * * * *

МӘДЕНИ МҰРА – МӘҢГІЛІК ҚАЗЫНА

Адамзат үрпағы XX ғасырдың аяғында талай тарихи белестерді артқа тастап, XXI ғасырға аяқ басқалы да бес жылдан асып барады. Бұгінде білім-ғылымы мықты дамыған елдер барлық жағынан алда болатынына көз жеткіздік. Оның дәлелі ретінде өткен ғасыр аяғында әлемнің дамыған мемлекеттерінде білімді түбекейлі реформалау бағытында жүргізілген бірқатар іс-шараларды айтсақ та жеткілікті.

Негізгі бағдар – қазіргі заманда қоғамның жедел өркендеуіне білім мен ғылымның зор әсер ететіндігін, олардың ұлттық, отандық жетістіктерді әлемге танытып, жастардың санауда патриотизмді қалыптастырып, өркениет үрдістерін санаға сіңіру. Иә, жаһандану үрдісі бел алып келе жатқан қазіргі кезде Қазақстан дүниежүзілік интеграциялық процесстерден оқшаулана алмайды. Бұл, ең алдымен, білім беру жүйесіне әсер етуші табиғи жағдай. Алайда жаһандану егемендігіне қол жеткізген біздің елімізде пайдасынан залалы көп болуы мүмкін деушілер бар. Қалай болғанда да алдағы уақытта оқшау, онша әмір суру мүмкін емес. Қазіргі заман – бұрын-соңды болып көрмеген бәсекелестік заманы. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2004 жылғы халыққа Жолдауының «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» деп аталуы да соны білдіреді.

Атапған меже-белеске жету үшін, даму дәрежесі жоғары елу мемлекеттің санатына ену үшін елімізде өндірістік-инновациялық, ауыл шаруашылығын өркендету, түрғын үй мәселелерін шешу жолында қыруар шаруалар істеліп жатыр. Бір куаныштысы – осы алып қадамдар тасасында білім-ғылым ісін жаңдандыру, рухани, тарихи, мәдени мұраларды игеру ісі кенже қалып қойған жоқ. Әсіресе Елбасының тікелей бастамасымен Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының қолға алынуы – келер үрпақ бағасын берер келелі іс-шара. Бұл бағдарламаның еліміздің әдеби-мәдени, рухани мұраларының жаңғыра, жаңдана тусуіне зор ықпалын тигізгеніне ел ішіндегі істеліп жатқан жұмыстар да дәлел бола алады.

* * * * *

Соның бір айғағы – аймақтық әдебиеттану мәселесі бұрынғыға қарағанда жедел бой көтере бастады. Оған Орталық Қазақстандағы, Солтүстік Қазақстан өніріндегі ақындық дәстүр жалғастығы, Сыр бойының жыраулық, жырышылық өнері, Атырау, Маңғыстау ақындарының шығармашылығы бойынша арнайы диссертациялардың қорғалуы, том-том кітаптардың жарық көруі нақты мысалдар бола алса керек. Сонымен бірге қазақтың ерен тұлғаларының өмірі мен шығармашылық қызметі бүгінгі заман түрғысынан қайта қаралып, терең ғылыми-зерттеу жұмыстары жолға қойылды. Әрине, ақындар шығармашылығына тек аймақтық түрғыдан баға берудің де кемшиң тұстары бар, әйтседе мұның өткен ғасырларда ғұмыр кешкен ақындар мұрасын жинақтаяуға қолайлы жағдай туғызатын әдіс-тәсіл екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Бұл тарапта қазіргі Ақтөбе облысының шегінде өткен ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулар мұрасын жинастыру, жариялау, насхаттау, зерттеу ісі кеже қалып келеді. Қазақ жерінің қай аймағында да көрнекті ақындар бастаған дәстурлі мектеп, әдеби орта болғанын ескерсек, бұл орны ойсырап түрған олқылықтардың бірі. Осындағы маңызды жағын ескеріп, бірінші кезекте Ақтөбе өнірінде XIX – XX ғасыр басында өмір сүрген ақындардың бес томдық шығармалар жинағын шығаруға ниет еттік. Оның алғашқы кітабын алмағайып заманда екі бірдей қоғамдық формацияны басынан өткізген, көргені көп, көңілге түйгені көл эпик ақын Нұрпейіс Байғанинге арнағанды жөн санадық.

Қабыл алыңыз, құрметті оқырман, жас буын талапкер.
Мәдени мұрамызды ешқашан кір шалмасын, қашан да ту етіп көтере білейік!

*Профессор Фалымжан НҰРЫШЕВ,
Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық
институтының ректоры*



АҚЫННЫҢ АСЫЛ МҰРАСЫ

Заманында «Екінші Жамбыл» атанған Н.Байғанин шығармалары кеңес үкіметі тұсында бірнеше рет кітап болып басылып шықты. Соңғы жинағы профессор О.Нұрмағамбетованың құрастыруымен 1991 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрді.

Еліміз тәуелсіздік алғалы Н.Байғанин шығармаларын қайыра бастыруға мүмкіндік болмады. Қолыңыздағы кітап осы кемшіліктің орнын толтыру мақсатында дайындалған-ды.

Кеңес үкіметінің саясатына орай ақынның әр жылдарда жария көрген кітаптарының мазмұн, бітімі де құбылып тұрды. 1939, 1940, 1945 жылдардағы кітаптарында советтік құрылымыс, орыс-герман соғысы, «ұлы көсем, халықтар өкесі» И.В.Сталин бейнесі негізгі такырып болды. Кейінгі жинактарда ақын шығармалары біраз «өндедлі», ал Сталинге қатысты жыр жолдары қыскартылды. Біз бұл жинакқа осы такырыпқа қатысты кейбір өлең, толғауларын қайыра енгіздік. Ақынның эпикалық кең құлашы, өлең шығарудағы шеберлігі, небір өсем сөз кестесі сол өлендер ішінде жүр. Сондай-ақ Сталин туралы шығармаларды сол заманда калам ұсташандар таласа жазды, орыстың ұлы ақыны А.Ахматова да, ұлы жазушы Пастернак та мактады. Бүкіл дүние мойындаған Мандельштам да. Сондықтан Н.Байғанинды ол үшін кінәлаудың реті жок. Бұл жырлардың бугінгі мән-маңызы саяси не басқадай мазмұнында емес, өнер туындысы екендігінде, көркем шығарма екендігінде, өлендік өрнегінде, шеберлік өнегесінде.

Жинакқа еніп отырған Н.Байғаниннің 1941-45 жылдардағы соғыс такырыбына арнаған өлендері де биік адамгершіліктен туындаған, жасы үлкен ақсакалдың қасап майданда қан кешип жүрген балаларына деген бата-тілегі, қор болмаса, намысын сактаса, аман-сау елге оралса деген арман-ниеті. Ақынға керегі – қанды қырғынның тезірек біткені. Ең басты ерекшелігі озық өрнегінде.

«Сол күнгі кездесуде Нұрпейіс өзінің Сталинград жырын айтты. Нағыз жауынгерлік жыр болатын. Пафос қандай, көркемдік қандай!» — деп тамсанады өз естелігінде атақты ақынымыз Куандық Шаңғытбаев, өткенде еске алып.

Нұрекең ішкі дүниесінің сұлулығы мен сыртқы түр сұлулығы тең келген ұлы адам болған. Алғаш көріп, жақын танысканда қазақ зиялышы Ә.Тәжібаев оның биік адамгершілігіне, асқан мәдениеттілігіне, сабырлы, ойлы қалпына таң-тамаша қалады: «Мінеки, сол сағаттан бастап, қашан қоштасқанша менің көзім Нұрпейіс ақында болды. Бірінші аңғарғаным — Нұрекең барынша қалща, сыпайы адам. Бір отырысынан кешке дейін айнымай, аумай отыруға бар. Жантаймайды, ыңырсымайды, жөтелмейді, түкірінбейді. Екінші аңғарғаным — таза киінеді, тұла бойында олпы-солты ештеңе жоқ. Кеудесін жапқан күмістей сақалы тап-таза. Жай отырғанда ақыннан гөрі оқыған моллаларға көбірек ұқсайды. Ол төнірегін ұзын, сабырлы көзінің астымен бағып, кезекті сөздерін қыска-қыска салмақтап айтады екен. Ас жегені, шай ішкені де осы ұстамдылығына жарасымды сияқты. Аңы айқайладап сөйлемейді, кенкілдеп күлмейді». Жалғыз Ә.Тәжібаев қана емес, ол туралы естелік жазғандардың бәрі де Нұрпейістің бойындағы қазактың ескі замандардан бастау алған, атадан балаға ауысып келе жатқан асыл қасиеттерін көріп, соны кісліктің сырлы бір үлгісі есебінде замандастарына, кейінгілерге жеткізген. Сондықтан ұлы ақын туралы естеліктердің бір парасын осы жинаққа енгізгенді жөн көрдік. Ақындықтың ғана емес, ескіден тартқан дәстүрлі кісліктің үлгісі есебінде де.

Ақынның жыршылық өнегесі өз алдына бір төбе. Мұнда да әріден желі тартқан дәстүр сабактастықтығының алтын арқауы бар. Н.Байғанин қазактың мұхиттай шалқыған атақты жыршыларының ең соңғы асыл тұяғы еді. Төкпе ақын, эпик жыршы Нұрпейіс әрі әнші, әрі домбырашы да болған. Бір басына сан қылы өнер тоғысқан. О.Нұрмағамбетова оның «Қобыланды», «Құбығұл», «Ал-памыс», «Төрехан», «Ер Тарғын», «Кыз Жібек», «Айман-Шолпан» жырларын жатқа білгенін тілге тиек етсе, профессор Серік Негимов өзінің «Табаны таймас тарлан боз» атты еңбегінде бұған қоса «Едіге», «Орак-Мамай», «Қарасай-Қазиды» жатқа айтқанына, жыршының «Қырымның қырық батырын» білгеніне куәлік береді. Оны көзімен көрген, өнеріне қаныққан профессор Есмағамбет Исмайлұ: «Нұрпейіс «Қырымның қырық батырын», Кіші жүздегі Исадай, Есет, Бекет, Көтібар батырлардың талай ұзак жырларын, тағы сондай жырларды көп біледі», — деп таңбалаган. Нұрпейісті өз үйінде үш күн дара қонақ қылған Ә.Тәжібаев та: «Біз

әдетте «Қырымның қырық батырын» Мұрын жырау айтты дейміз. Ол рас, бірақ бұл батырларды Нұрпейістің де бір кезде айтқаның үмытпауымыз керек», – деп жазады. Олай болса Нұрпейіс «Қырымның қырық батырын» жырлаған, білген деген тұжырым жасауға болады. Ақын репертуарындағы ол нұсқаны қағазға түсіруге 1944 жылғы 9 тамыздағы Татарстан өлкелік партия комитетінің жұмысындағы қателіктер туралы қаулы кері әсерін тигізген сынайлы. Сол қаулы бойынша Мәскеуді шауыш, Киевті өртеген Едіге және оның ұрпактары Нұраддин, Мұса, Орак, Мамай, Қарасай, Қазиға қатысты жырлар күғын-сүргінге түсті, кең-байтақ Советтер Одағында токтау салынды. Әйтседе академик Сәбит Мұқанов 1945 жылы өзі алғысөз жазған Нұрпейістің өлеңдер жинағына ақын репертуарындағы «Қарасай-Қази» жырының нұсқасын салыш жібереді. Мұны үлкен ерлікке баламаса болмайды. Сірә, сөз танитын С.Мұқанов жырдың аса көркемдігіне қызықса керек. Әрі ол Нұрпейісті бетпе-бет көріп, жырын тындаған адам еді.

Кезінде Н.Байғанинге айрықша назар аударған ғалым марқұм Есмағамбет Исмайлұв болатын. Ол өзінің терең мағыналы, сан қатпарлы «Ақындар» атты монографиясында Нұрпейістің жыршылығына аса жоғары баға береді. Атақты Мұрын жырау Сенгірбаевпен қатар қояды, салыстыра зерттейді. «Қазақстанның онтүстік батыс аудандарында батырлар жырын дамытыш айттын белгілі дәстүр, калыштасқан жыршылық школа болғандығы анықталды. Нұрпейіс, Мұрын жыраулар осы батырлық жырды дамытыш айтушы жырши, жыраулар школасының ірі өкілдері» деген тұжырым жасайды. 1948 жылы Оразгұл Нұрмағамбетоваға Нұрпейістің артында қалған мұраларын арнайы жинауға тапсырма берген де профессор Е.Исмайлұв болатын. Осы жылы ақын шығармаларын екі томдық етіп баспаға дайыннатады, бірақ со-лақай саясаттың кесірінен профессордың қыруар еңбегі зая кетеді, өзі лауазымды қызметінен босап, күғын-сүргінге түседі. Ал қанды қылыш қаулыға іліккен «Қырымның қырық батыры» ақыры аяқ асты қалады. Ол жөнінде профессор О.Нұрмағамбетова «Нұрпейіс – қазактың батырлық жырын өте көп білген, көп жырлаған ақын. Бірақ ақын репертуарындағы соншалықты мол қазына кезінде түгел жазып алғынбаған, хатқа түспеген» десе, Е.Исмайлұв «Нұрпейіс білетін батырлар жыры толық жазып үлгерілмеді» деп үлкен өкініш білдіреді. Біз осы жинакқа кезінде С.Мұқановтың күшімен жария көрген, қазір қолға түспес жәдігерге айналған «Қарасай-Қазидың» Н.Байғанин нұсқасын енгізіп отырмыз. Бұл нұска арада 50 жыл өткен соң ғана қазақ оқырмандарымен қайта қауышты.

Сондай-ақ 1939 жылы Нұрекеңнен жазып алынған, мұрағатта жатқан «Қараулектің Мамайды жоқтағаны» деп аталатын ғажайып жоқтау профессор F. Нұрышевтың алқауымен тұнғыш рет жарияға жол тауып отыр. Мамай – атақты «Орақ-Мамай» жырының басты кейіпкері. Тарихта болған адам. Бұл туынды да біз құрастырып отырған жинақтың өзіндік ерекшелігін айқындастын өлшемдердің бірі деп есептейміз.

Казақстанда кеңес үкіметі орнаған тұста Н.Байғанин алпысқа келіп еді. Көпті көрген, ақындықтың биік шыңына шыққан жан болатын. Абыл, Махамбет, Шернияз, Нұрым, Қашаған, Ақтан, Қазақбай, Әбубәкір, Сарышолақтан үлгі алған, Сыр, Жайық өнірлерін араған, Орта Азия елдеріне барып, ондағы ұзан, басы, шайырлардан шеберлігін үштаған хас зергер-тін.

Бұл жағдай Нұрпейіс совет өкіметінің арқасында ғана жақсы ақындар санатына кірді деген тезисті теріске шығарады. Керісінше, 60 жасқа дейінгі мол мұрасы, қажырлы кезінде шығарған озық туындылары ілтипатқа алынбай қаға берісте қалған, бірте-бірте көмескі тартып ұмытылған. Нұрпейістің «Қырымның қырық батырын», Исатай, Есет, Көтібарларға қатысты жырларды билетінін айта келіп: «Нұрпейістің бұл тарихи жырларын тыңдап отырғанда бір қайран қалатын нәрсе – оның үлкен шежіреші, тарихи ақын екендігі, көпті көрген, көпті білген қария, білімді ақын екендігі, өзінің халқының тарихын жанындағы жақсы жырлайтындығы», – деп сүйсінген еді Е.Исмайлұ.

Ақынның сол кезеңнен қалған асыл мұраларының бірі – Қазақбаймен айтысы. Классикалық үлгідегі ол айтыс кезінде біраз «кузелген», әйтседе сүйегі сақталған. Бұл айтысты да біз ақынның 1945 жылғы жинағынан алдық. Кейінгідей емес, толық. Жинаққа асылдың сынығы ретінде осы айтыстың енгізгендеғі мақсатымыз – алдағы уақытта ғалымдарымыздың назарына ілінер, талданар деген үміт. Мұнан тұнған тарихпен қатар, шешендіктің үлгісі, эпикалық кең құлаштың самалы есіп тұр.

Қорытып айтқанда, Н.Байғанинді оку, игеру арқылы өткен тарихынды, айтыс пен жыршылық өнер қырларын, дәстүр-салты мен кісілік орнынды, сөз мәйегін, тілінің бедерін бағамдауға болады.

БІРІНШІ БӨЛІМ

ЕСТЕЛІКТЕР



Сәбит МҰКАНОВ

НҰРПЕЙІС АҚЫН

(1945 жылғы өлеңдер жинағына кіріспе сөз)

Нүрекен қазіргі Ақтөбе облысының Байғанин ауданында 1858 жылы туады. Руы – Әлім, оның ішінде Шекті, оның ішінде Шүрен.

Нүрекенің әкесі – Байғана өмір бойы байдың жалшысы бол күн кешкен адам. Көп жыл жаз жаңбыр, қыс боранды жылқы баққандықтан, бертін келе Байғана аяғынан мешел бол отырып қап, қалған жасында мүгедек бол өлген.

Жеті жасында шешесінен жетім қалған жалғыз баласы – Нұрпейісті күн көрісі нашар Байғана байдың қозысын бағуға жалдайды. Сол кезден-ақ, сәби Нұрпейіс өлең-жырға, әнге, домбыраға, ертегі айтұға өуестеніп, «Әнші бала», «Ертекіші бала», «Домбырашы бала» деген аттарға ие болады.

Таудың, құмның арасына қозы бағуға келген Нұрпейістің соңынан ауылдың балалары еріп кетіп, қозыларын бағып жүріп ертегілерін, әндерін тыңдайды. Сүйтіп жүрген кезенде балалармен әңгімелесіп отырған Нұрпейіс қозыларына қасқыр шапқанын аңғармай қап, бір үя қасқыр көп қозысын шығындалп кетеді. Оның бұл қылышына ыза болған бай, төлеуге әкесінің жалғыз түйесін альш, баланы қаңғыртып жібереді.

Бірақ Нұрпейіс елді аралағанда қайыр сұрамайды, оның ермегі де, кәсібі де жыры мен домбырасы болады. Осы кәсіппен тамак асыраған ол, аз уақытта халыққа дарынды ақын екенін танытып, елде «жаяу жыршы» атанады.

Кіші жүзге қараған он екі ата Байұлын, алты ата Әлім ұлын, жеті ата Жетіруды аралап жыр айтқан Нүрекен, сол кездегі қазактың атақты ақындары Марабайға, Нұрымға, Мұратқа, Әбубекір Кердеріге тағы басқаларға кездесіп, олардың тамаша ақындық мектебінен сабак алады.

Еш уақытта молда алдың көрмеген, хат танымаған Нүрекен, жаңағы аттары аталған ұлы ақындардың үлгісімен, бұрын казақ арасында айтылып жүретін ұзак желілі батырлық жырлары: «Қобыландыны», «Қарасай-Қазиды», «Алпамысты», «Қырымның қырық батырын», тағы басқалардың өзі шығарған жүйелерін ай-

тып жүреді. Өзге ақынның айтуында 3000 жолдық «Қобыланды» – Нұрекенде 12000 жол өлең. Ол әрбір батырлық жырды да осылай кенейте, байта жырлайды. Желілік жырлар айтуда Нұрекен ел ішінде бар, даяр сюжетпен ғана қанағаттанбайды. Ол «Ақкенже», «Наркыз» сияқты өз басынан үзак жырлар шығарады.

Жырлар айтумен қатар, Нұрекен қазақ ақындарының өдетіндегі айтыс жанрын да қолданып, ірі ақындармен айтысқа түседі, талайын жеңеді, солардың біреуі – Қазақбай ақын.

Революцияға шейін Нұрекенің ақындық жолында негізгі қолданған жанры – желілік үзак поэмалар. Ғашықтық жырлары, қалжың-әзіл жырлары, өдет жырлары сияқты жырлар шығарумен де көп шүғылданған, бірақ олары қазір біздің қолда жоқ. Көбін 86 жастағы қарт ақынның өзі де үмітқан.

Социалистік Октябрь революциясы халқына да, өзіне де бостандық, бақытты тұрмыс бергенін көрген Нұрекен революцияның алғашкы күндерінен бастап жырларында бостандық ұранын шакырып, халықты Ленин-Сталин партиясының туынды астына жинауға бойындағы барлық ақындық өнерін аямайды. Еркін, бақытты Қазақстанның, Советтер Одағының тату семьясында 25 жыл жасаған өмірінің барлық тарауында да Нұрекен жалтынды жырын арнайды.

Ұлы Отан соғысын 83 жасында кездестірген тарлан ақын майданың және тылдың ерлік істері туралы ешбір жас ақыннан кем жырлаған жоқ. Көп жағдайда шабандau жас ақындардан ол асып түсіп отырды. Оның «28» атты, Советтер Одағының батыры Төлеген Тоқтаров туралы шығарған поэмасы, «Қазақстан майданға» дейтін толғаулары, тағы басқа ондаған өлеңдері – Ұлы Отан соғысы кезіндегі совет ақынның жігер-қайратын, намысын көрсетететін тамаша дәлелдер.

Қарт патриоттың халыққа адал көнілмен, жігерлі ынтамен атқарған қызметін халық та, өкімет пен партия да ерекше елеп, лайықты құрмет көрсетті.

1938 жылы Қазақстан Жоғарғы Советі «Искусствоға еңбегі сіңген қайраткер» деген атақ берді; 1940 жылы Бүкілодактық Жоғарғы Советі «Құрмет белгісі» орденін сыйлады; 1942 жылдың ноябрь айында Нұрекене салтанатты жағдай жасалу туралы Қазақстан Орталық партия комитеті мен Халық Комиссарлар Советі ерекше қаулы алды.

Қазақстан Жазушылар одағының құрастырылуымен Қазақстан Біріккен Мемлекет Баспасы кітап қып бастырып отырған Нұрекенің бұл жинағына оның кейбір тандамалы шығармалары ғана кетті.

Қадірлі ақынның еңбектерін толық жинап бастыру – алдағы күндердің міндеті.

Куандық ШАҢҒЫТБАЕВ

АЗАМАТ. АҚЫН. АТА.

1942 жылдың ноябрі. Ұлы Отан соғысының ең бір сын кезеңі. Сталинград маңына дүшпен еселеп күш-құрал тәгіп, жанталасып жатыр. Барша халқымыздың қабілеті мен қайраты — майдандағы жауынгерлердің қасарыскан қайсарлығы, елдегі еңбек адамдарының табан ет, мандай тері, ғалымдардың ой-парасаты, ақындардың отты жүрегін жарып шықкан жалынды жыр шумактарының ызғарлы ызасы мен ұранды үні — түгелдей бір мақсатқа, қайткен күнде де жау жасағын тоқтатыш, оны күйрете жөніп шығу мақсатына қызмет етіп жатқан аса бір ауыр кез.

Осындағы қысталан, қын апталардың бірінде Алматының Горький атындағы мәдениет бағында танк қорына қаражат жинау мақсатымен әдебиет-өнер жексенбілігі өткізілді. Астана артистері ашық аланда ән салды, ақындар өлең оқыды.

Кездесуге дейін бақ ішін аралап келе жатыр ем, аллеялардың бірінде Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мұсірепов, Қадыр Хасанов тағы да басқа таныс ақын-жазушыларға ұшырасып, сәлем бердім. Орталарында жауырыны жап-жаппак, қалың қабакты, өзгелерден бойы едәуір биік, қапсағай қарт келеді еken. Өніріндегі ордені аппақ жібек сақалының астынан кейде көрініп, кейде көрінбейді. Алыстан-ақ байқағам, қолындағы қара таяғын кербез сілтеп, қасындағы қосшыларын күлдіре сөйлеп келе жатқан. Қасына барғанда мен оның европаша киінген мінсіз мұсініне емес, жалын толы жіті жанарына, екі бетінің қылп-қызыл нұрына айран-асыр қалдым. Ондай келбетті, ондай кербез қартты бұрын-сонды көрмеген едім.

Сәбит аға мені нұскап:

— Нұреке, мынау сіздің балаңыз болады, Ақтөбеден, — деп таныстырыды.

Әлгі пайғамбардың атакты Нұрпейіс Байғанин екенін мен сонда ғана білдім. Білдім де, үлкендердің соңына үнсіз ілесіп журе бердім.

Дәл сол жолы Мұхтар ағай Нұрекеннен «аран» деген сөздің мағынасын, қайдан шыққанын сұрады.

— Басқа жерде қалай екен, білмеймін, — деп, Нұрекең өуелі кешірім сұрап алды да, сосын ерте кезде киік аулағанда далаға айналдыра тағаша ор қазып, киік үйірін жан-жактан қаумалап сол ордың ашық аузына қыптығатынын, ол орды қазақтың «аран» деп атағанын түсіндірді.

Қарттың байсалды жауабы жұрттың бәрін ырза қып таstadtы. Көп көріп, көп түйгенін бір-ақ көрсетіп кетті.

Сол күнгі кездесуде Нұрпейіс ақсақал өзінің Сталинград турагының айтты. Нағыз жауынгерлік жыр болатын ол. Пафос қандай, көркемдігі қандай! ҚазГУ-дің жатакханасында мен түнімен Нұрекенді ойлап шықтым. Енді бір жарты айдан кейін оған әдеби хатшы болып Ақтөбеге кететінімді мен ол түні білген де жок едім.

Табиғи ажал жеңгенмен, рухани ажалдың әлі жетпейтін, есімі ел аузында ықылым заман қайталанып, барған сайын разы жұрттың жүргегіне жылы ұшырай беретін адамдар болады. Нұрпейіс Байғанин дәл осындаиді адам еді.

Дүниеде тоқсан шамалы көктемнің көрікті гүлін жұлышп, жұпар лебін жұтқан бұл көне шежіренің ақырғы үш жыл өмірі менімен бірге өтті. Осы уақыттың үдайына мен оған әдеби жәрдемші болдым, оның талай-талай тамаша жырларының дүниеге қалай келгенін көрдім, азабы да, ракаты да мол ақын творчествосына сол қарт адамның қаншалықты жауапты қарайтынын бір емес, бірнеше қайтара көзбен көріп, көніліме түйдім.

* * *

Байғаниннің әрбір жаңа жыры шын толғаныш, тебіренуден туатын.

1944 жылғы мартта Москва радиосы біздің өскеріміздің Совет Одағының мемлекеттік шекарасы – Прут өзеніне жеткені туралы, Совет командованиесі оларға шабуылды одан әрі еселеп жүргізіп, жауды толық талқандап шығу жөнінде бүйрық бергенін хабарлады.

Әдетте Нұрекең екеуміз жұмыс күнін күндізгі сағат он екілерде бастайтын едік. Әлгі қуанышты хабарды естіп, мен бұл жолы күндеңіден ерте, тоғыз жарымда келсем, Нұрпейіс серіппелі биік кереуеттің үстінде жібек тысты мамық жастығына шынтақтап елегізіп отыр екен. Репродуктордан қуанышты хабар қайта-қайта айтылып жатыр.

Орысша сөйлей білмейтін Нұрекең диктор Юрий Левитаның дауысын естісе, әрқашан да зор ықыласпен тындалап, қызыл-

шырайлы жүзі өзгеше бір нұрланып сала беретін. Бұл жолы оның өні одан да өзгеше нұрға толып, балбұл жаныш кетіпті.

Мен кіріп келгенде Нұрекен:

— Айналайын-ай, келдің бе?! Осы хабар тегін емес, не деп жатыр? — деп, басын көтеріп алды.

Мен жаңа хабарды баяндап бердім. Сол сәттегі қарт ақынның түрін көрсөніз! Жанары жасқа толып, екі иығы селкілдеп, қарт ақын ұзақ ұнсіз қалды. Әрине, Нұрпейістің жағдайы маған түсінікті еді. Соғыс басталысымен ол жас жігіттей жалындаپ, ұлы майданға, женіс ісіне бойындағы бар қайраты мен алып таланттын түгелдей бағыштады, қарттығына қарамай, Ақтөбенің ауылдарын аралап, жалынды жырларын айтты, жауынгерлерге жылы киім жинады, соғыстың алғашқы айларындағы сәтсіздіктер оның ақын жүргегіне атқан оқтай қадалып, жанына қатты батты. Әлгі сәтте, мүмкін, ақын атаның көз алдына сол кездер келіп, радио хабарындағы қуанышта ол өз еңбегінің де үлесі барын түсінген болар. Отанын, ел бақыты мен болашағын елжіреп сүйген қарт жүректегі қуаныш сыртқа көз жасы болып шыққан шығар.

Жоқ, жалғыз көз жасы ғана емес, ол шабытты жыр болып та шықты. Нұрекен:

— Алпы қаламынды! — деп, өзі қолына домбырасын алды.

Бір ғажабы, Нұрпейіс жаңа жырын домбыраға қосып, бастан-аяқ айтып шығатын да, кейін менің жазып алғанымды қайтадан тындалп отырып, әр сөзге жаңа синоним іздейтін, кейде: «Осы бір сөз Жамбылда, Доскейде немесе Нартайда бар сияқты еді-ау», — деп, күдікті жолдарды алдыртып тастайтын.

* * *

Нұрекенің өзілі өдемі еді.

Үш жылдың ішінде мен оның талай жарасты өзілін, орынды қалжындын, кейде біреудің бойындағы ұнамсыз мінездерді мінеп айтқан аңы өжуәсін көп есіттім. Бұл өжуәлардың негізінде ауыр зіл емес, жолдасқа көмектесейін, оның жаман әдеттен арылуына себепкер болайын деген ізгі ниет жататын-ды.

Жоғарыда біз Нұрекенің орысша сөйлей білмейтінін айттық. Бір күні Нұрекенің үйіне Ключевой ауданының орталығы Алға поселкесінен бетінде шешек дағы бар, мінезі оғаштау бір қызметкер келіп түсті. Кешкі астан кейін ол бір жолдасынікіне кетті де, тым кеш оралып, есік қакты. Қарт бұл кезде дәреттен жаңа келіп, енді ғана есік жапқан бойы еді. Сыртта біреудің есік қағып түрғанын естіп:

— Бұл кім? — деп сұрады ол.
— Открой двор, — деді сырттағы дауыс.

Ішке өзінің манағы қонағы кіргенін көргенде, Нұрпейіс:

*Алғадан келген шубар-ай,
«Откройте двор-ай»,
Әліпті таяқ деп білмей,
Орысшага құмар-ай, —*

деп, мырс-мырс күліп, орнына келіп жатты. Ертеңгі ас кезінде Нұрекең әлгі кісіге ақылын айтты.

— Сырт естуім, — деді ол күле отырып, — сен орыс тіліне жүйрік көрінбейсің. Мен де өзіндей білгіштің бірімін, балам. Ендеше, орыстың дверін двор етіп бұзбай-ақ қояйық. Қазақ тілін дұрыс білсек те жарамай ма?

* * *

Нұрпейіс Байғанин мейірбан адам еді.

Ақтөбе облысының еңбекшілері оны Еңбекшілер депутаттарының облыстық Советіне депутат етіп сайладап, зор құрмет көрсетті. Көптеген сайлаушылар өз депутатымен жиі кездесіп, үнемі ақылдастып тұратын.

Бір күні Нұрекеңнің үйіне жасөспірім бір жігіт келіп, ФЗО мектебіне окуға түскісі келетінін, бірақ оның басшылары оку басталып кеткендіктен мектепке қабылдамай отырғанын айтты.

— Олай десе, дұрыс болар. Өтірік айтып неғылсын. Балам, занға біз де карсы болмайық, өзің ертең келіп жолықшы. Мүмкін, бір ретін табармыз, — деді Нұрекең.

Ертеңіне ол әлгі баланы облыстық атқару комитетіне ертіп апарып, барған шаруасын тыңдырып қайтты. Сонысына өзі балаша қуанып, мәз болып оралды.

— Өзі отты бала екен. Адам болайын деп тұр. Тұбінде жақсы жұмысшы болады, — деп сүйсінді.

Арада бір жылдай уақыт өтті. Бір күні жаңа келген почтаны оқып отырып, әлгі жігіттің хатына кездестік. Ол өзінің ФЗО мектебін жақсы бағамен бітіргенін, Қазір Чкалов облысының бір заводында жұмыс істеп жүргенін жазыпты. Хаттың ұзын ырғасы: «Мен қазір маман болым, ата! Осы жұмысым өзіме өте үнайды. Соғыс жылының ауыртпалығына қарамай өз дегеніме жетіп, дер бес өмір жолына түскенім — сіздің көмегініздің арқасы. Мен сіздің қарыздар баланызбын

Хат қарт ақынды қатты қуантты. Мұндай қуаныш оның күнделікті тұрмысында жиі болып тұратын жағдай еді.

* * *

Нұрпейіс Байғанин тамаша акын, адамгершілігі мол азамат болумен бірге, кіршіксіз патриот еді.

1944 жылдың күздінде ол қатты сыркаттанып, Ақтөбенің тубіндегі Табантал деген жерде тұрды. Үйіне жеті сайын жоллас-жоралары, Ақтөбе жұртшылығының өкілдері келіп, денсаулығын сұрап қайтып тұратын.

Мен бір келгенде карттың сыркаты жанына тым қатты батқа-нын байқадым. Әзетте келген қонағын жайдары қарсы алатын Нұрекең бұл жолы олай емес, қалың қабағы көзіне түсіп, әжімдері терендеп, күнгірт отырды. Мейман тарап, үй іші оңашаланған-нан кейін ол домбырасын алып, жайымен ғана шертіп отырып өзінің «Мен өлмеймін, өлмеймін» деген жырын шығарды. Бұл жырдың поэтикалық тамаша қасиеттерін айтып жатудың бұл арада қажеті аз. Себебі, ол – оның бай творчестволық мұрасының ең бір асылдарының бірі десек, асырып айтқан болмайды. Ел басына түскен ауыр сын, қаһарман халықтың жанқияр күресі, коммунистік ісінің салтанатына деген көміл сенім, туыскан Коммунистік партияға, Совет өкіметіне шексіз берілгендей – осының бәрі «Мен өлмеймін, өлмеймін» деген өлеңде толық баяндалған. Бұл Нұрпейістің соңғы шығармаларының бірі болатын. Одан кейін акын өлеңге көп қайтып оралмады.

...Күзгі түн. Колхоз ауылы тыныштыққа шомған. Егіні жинальшы болған дала еркін тыныстап, керіліп кең жатыр. Нұрекең екеуміз үй сыртында әңгімелесіп отырмыз. Не айтқаны түтелдей есімде емес, бірақ оның бакыт, акын қуанышы, өмір мақсаты тақырыбына үзак әңгіме айтқанын, кесек-кесек терең пікірлер түйгенін өлі ұмытқан жоктын.

— Аурудың аяқ алысы жақсы емес, балам, — деді ол әңгіменің акырында. — Әлгі өлеңде «Мен өлмеймін, өлмеймін» деп мен қайта-қайта бекер айтқам жок. Тоқсан жасаған адамның өмірге деген асықтығы басқаға ерсі болуы да ғажап емес, бірақ мына соғыста қанша бауыр, қанша етене жақын дос-жаран, қанша боздақ женіс үшін құрбан болды, қанша үйдің отбасына сузып сүйкі қайғы кірді. Қас жаудан соның есесін қайтарған күнді көрмей өлу маған қиянат бол көрінеді.

Нұрекенің осы әңгімесі менің жадымнан өлі күнге дейін шықкан жок. Дарынды адамдардың бір өзгешелігі – неғұрлым уақыт озған сайын, соғұрлым олар қомақтанып, ірейіп, барша жақсылығы жарқырай, жайнай түседі. Нұрпейіс те сол сиякты. Ол қайтыс болғалы талай-талай жылдар өтіпті. Осы үзак ай-

күндердің өне бойында Нұрпейіс біздің әдебиетімізбен бірге жасасып келеді, оның жырлары сахналардан айтылады, мектеп программаларынан белді орын алыш келеді.

* * *

Нұрпейіс Байғанин 1860 жылы Ақтөбе облысының Темір ауданында туған. Жас кезінен-ақ өлең өнеріне бар ықыласымен беріліп, ақын атағы ел аузына тым ерте ілінеді. Әсіресе бай, молдалар «Шүрен баланың» мір оғындаи мыскылынан жаман қорқады. «Өлеңдің кілтін мен Әбубәкір Кердеріден үйрендім», – дейтін Нұрекең. – Ол оқыған адам еді ғой. Мен болсам, қысқа жіп күрмеуге келмей, окусыз қалдым. Эттен, қолыңа қалам алыш, ойынды ақ қағазға емін-еркін төгіп отырғанға не жетсін! Домбырамен айтқан ақынға обал-ақ. Басқаны қайдам, өлең айтқанда өзім көтермешілердің ортасына түскен бәйгі аты сияқты болыш отырағын. Бір жағынан домбыра асықтырады, бір жағынан көнілдегі ойың үйқасқа сыймай қинайды. Сөйтіп екі оттың ортасында отырғанда аяғынды шалыс басып, сөздерің шашырап, кейбір үйқастарың қайталанып кетеді. Бұрын білмеуші едім, мұны өз өлеңімді қағаздан оқығалы сезіп жүрмін. Сондықтан, балам, сақ болайық. Жазып алғанынды маған ізін суытпай оқып отыр. Біреу-міреу надан ақын екен десе, масқара ғой»!

Бұл – маған Нұрекеңдің айтқан ең алғашқы да, ең соңғы да өтініші еді. Әдетте ол кішіпейіл, қуакы, көнілді бол көрінгенімен, өзіне де, өзгеге де қатал адам болатын. Әсіресе адам бойындағы кемшілік атаулыны кешірмейтін. Әлі есімде, бір күні мен біреуді ақкөңіл деп мақтадым. Сол сәтте Нұрекең жанары жалт етіп маған тіп-тіке қарап қалды. Неден жазғанымды білмей, мен де әжептәуір сасып қалдым. Үлкен психолог қой, менің жағдайымды түсініп, сәл езу тартты да:

– Балам, біреуді ақкөңіл деп будан былай мақтама. Ол – даттаған сөз. Ақкөңіл адам алаңғасар болады, – деді.

Нұрекеңмен бірге өткен үш жылым маған адам танудың, адам сыйлаудың үш жылдық мектебі бол қалды. Жастай жетім өссем де, осы үш жылдың ішінде ақылгөй атаның, талғампаз ақынның, байтақ халқымның со бір аяулы азаматының тәрбиесін көргенімді өз өміріндегі үлкен бакыттың бірі деп санаймын.

Нұрекең 1945 жылғы 9 апрельде ауыр сырқаттан кейін Қызылорда қаласында қайтыс болды. Республика үкіметі марқұмның денесін Ақтөбе қаласына өкеліп жерледі. Қазір сол қалада оның сексен жасында туған жалғыз баласы Момынжан тұрады.

Дихан ЭБІЛОВ

ЖЫР ТАРЛАНЫ

I

Ақтөбеге келгеніме бүтін үшінші күн. Мұнда да көктем. Жаз лебі. Адам жаңы қоңыр самалға еркелей ме, әлде самал адам жаңына еркелей ме, өйтеуір бір ғажап ерке шак.

Облыстық партия комитеті хатшысының қабылдауында болдым, мұнда бір өте игілікті жұмыспен келгенімді айттым.

— Халқымыздың, бүкіл совет халқының данқын дүние жүзіне керемет жырлармен танытқан тоқсандағы Жамбылдың ақындығына жетпіс бес жыл толу тойы өтпек Алматыда... — дей беріп едім, басшы отырып:

— Білем! Білем. Өте жақсы жұмыс. Игі жұмыс! — деді.

— Сол тойға облыс-облыста дайындық ретінде ақындар слетін өткізіп, ақындардың ішінен ең ығай мен сыйрайларын ақын тойына, яғни Жамбыл тойына жіберу лайықталмақ. Сіздің облысқа Жазушылар одағы мені жіберіп еді. Шаруам осы.

Маған қарап үн қатқан жок, кнопканы басып қап, көмекшісін шакырып алды да, дереу аппараттағы жауапты қызметкерлерін, газет редакторын жиғырып алды. Мені таныстырыды. Менің келген шаруамды айтты.

— Эбілев жолдас осында, бізде ақындар слетін өткізбек бол келіпті, — деді.

Сол тұні үйіктай алмай дөңбекшіп көп жаттым. Ол — бөлменің тарлығынан емес (бір бөлмеде бір өзім), көңілімнің жарлығынан. Сөйтіп, жаңа ғана көз шырымын алғып үйіктай бергенімде есік қағылды. Таң жаңа ғана атқан кез болар. Керенаулап, кешігінкіреп көтеріліп есік аштым. Қанафия Мұстафин екен.

Менің келген сапарымның көңілсіздікке үшірап тұрғанына менімен бірдей қиналып жүрген досым осы Қанафия екенін сезетінмін. Екеуміз жиі-жиі кездесетінбіз.

— Тапқан сияқтымын! — деп Қанафия көңілді кірді.

— Рас па?

— Рас! Күт! Қазір алыш келем.

II

Қанафия менімен бірге Алға ауданына барып, ел аралап, ақын іздесіп те қайтқан. Одан түк шықпағансын қала ішінен іздестірілті. Бармаған түкпірі бұл қалада қалмапты. Ақыры бір адамды тауышты.

— Адам танысам, сөз танысам, өлең танысам сол кісі нағыз ақын. Менен гәрі сен өзің жетіксің ғой ол жағына, мына мен тапқан кісінің ақындығы Бұқар жырау, адамшылығы мен ақындылығы «Адам пайғамбардай» шығар! Пайғамбар дегенге шошым! Ол — менің ұғымымда ұлылық! Келтірейін бе, алым келейін бе?

— Келтір, Қанафия! Әлде, мен барайын, екеуміз барайык! — дедім сонша қуаныш кетіп, асығыс киініп жатырмын.

— Жоқ, сен күт. Ертіп келейін. Солай келіскеңмін.

Қанафия асығыс шығып кетті. Мен жуыншып, асханадан алас-кулес тамактанып кеп, бүтінгі газеттерді алым қарап отыр едім, есік қағылды. Атып тұра кеп есік аштым. Қанафия өте кішіпейіл, мәдениетті жігіт еді. Есікті өзі ашып, бірақ өзінен бұрын ақ сақалды, ұзын бойлы, зор денелі, сол қолында қырғыз қобызда-рындай шағын, арқаның ән домбырасын қымтып ұстаған үлкен кісіні кіргізді.

— Кіріңіз, Нұреке! Төрлетіңіз! — дейді.

Басындағы қоңыр барқытпен қайта тысталған көнелеу пүшпак бәркі толық шекесіне масаттанғандай орнышып, көне тартқан ат жақты ақ құба жүзін кере қарыс кең маңдайы толымдыра түскен, кеудесіне тәгілген (акку қанаты түстес) ақ сақалына қою ақ мұрты табиғи келістілік — келісім тапқан, еңселі дene бітіміне сай са-бырлы басып кіріп келе жатқан осынау қарияны жалт етіп шала қалған көз жанарым ішкі сезім дүниемді электр тогындай шы-мыр еткізді. Қос қолдап сәлем беріп амандастып тұрмын. Тұлғасына лайықты ірі саусақты үлкен алақанында менің нәзік саусақтарым шортан жаңа ғана жұтқан шабақ балықтар тәрізді лажсыз. Сонда да, неліктен екенін білмеймін, қолымды қайтып алғым келмейді.

— Бұл кісі — Нұрпейіс Байғанин ақын! — деді Қанафия.

Енді ғана байқадым Нұрекең жалғыз келменті. Қанафиядан басқа екі адам және бар екен. Біреуі — жас ақын, газет қызметкері Жаңабаев Мәселе. Ұяң жұзді сарша жігіт. Екіншісі — бидай өнді, орта бойлы, қой көз әйел адам. Жасы қырықтарға жуықтап қалған тәрізді ме, қалай? Осында үш айлық курста оқып жатқан ауыл Совет председателі екен. Көркем әдебиетке, өлең-жырға құмар адам екен. Нұрекеңмен ере келіпті. Оттырыс-тұрысында, сыр-сипатында өрескелдігі жоқ, нағыз биязы міnez қазақ әйелдерінің бірі тәрізді.

— Атамның (Нұрекенің) өлеңін естімегеніме үш ай болып еді. Сағынып жүр едім. Оқудан босамаймыз. Үят та болса еріп келіп қалғаным ғой, кешірерсің, қайным! Атым Құштарғұл, — деп таныстырыды ол өзін.

— Дұрыс! Келгеніңіз жөн, хош келіпсіз! — дедім.

Бір адамдық бөлмеде кендік қайдан болсын. Екі орындықтың біріне Нұрекенді, екіншісіне жаңағы Құштарғұл жеңгейді отырғызып, Қанафия, Мәселе, үшеуміз менің кереуетімде отырмыз.

Мен Нұрекенде өзімді таныстыруды жөн көрдім. Ақтөбеге келген шаруамды айттым. Жамбыл тойына әр облыстан халық ақындары қатынасуы ғанибет екенін сөз еттім. Партия да, үкіметте, жазушылар қауымы да соны жөн көретінін баса айттым.

*Тоқсаннан асқан Жамбылым,
Жыр дүлділі даңғылым.
Тойланады екен ғой,
Күтты болсын тойларың!* —

деді Нұрекен. Лебізінен ақ жүрегі, адал тілегі таңғы самал тазалығымен еседі. Мен солай сезіндім де:

*— Олай болса, Нұреке,
Болғай деп тойда береке!* —

дей салып орнынан тұрып, алдына барып және өлеңдетіп жібердім.

*Нұреке, Алматыдан сіз деп келдім,
Ақын деп сырттан естіп ізден келдім!*

Нұрекен маған сынай қарап қойды. Байсалды да есті көне көз сенің сырынды ғана емес, бүкіл ішінді, көкірегінді сәтте тінтіп, ондағы бар шынынды түгел әрі көріп, парасаттап шыққандай дана білгірлік сипат береді.

Асханадан тағам алдырып, оның соңынан күрең шай (Нұрекене бола) ішіп, әңгіме-дуken құрып отырмыз. Көпті көрген Нұрекен өзінің қазіргі өмір жайын айтты. Эйелі қайтыс болғалы бірсыныра жыл өтіпті. Одан кейін үйленбепті. Жалғыз ерек баласы бар екен. Ол осында облыстық прокурор көрінеді. Аты Фалым, — деді. Осыдан бірер күн өткенде Фалыммен де кездестім. Орта бойлы, дембелше, қара торы жігіт екен. Ауыз сөзге саран. Сактығы басым, сабырлы жігіт тәрізді. Нұрекен осы баласының қолында болғанымен тордағы көрі жолбарыска ұқсап отыра бермей, елжүрт арасына барады екен. Өлең-жырдың көкірек кернеген теңіз толқынын халық ортасында салырып, көңіл хошын табады екен. Бұған жаңағы прокурор баласы Фалым риза емес екен.

— Қартайдыңыз, сауатыңыз болса жок. Өлең айтам деп бірдеме сөйлеп қойып, занға кіріптар болып жүрерсіз. Отырыңыз! Ешқайда шықпаңыз! — дейді.

Көкірегін кернеген жыр толқын Нұрекеңді отырғызбайды тындаушысы сағынады. Халық сүйікті жырауын сағынады. Шакырып алып кетіп отырады...

Кең әңгімелесіп отырмыз. Қанафия ғана болмаса, жас ақын үян мінез Мәселе де, қоңырқай женгей Құштарғұл де сөзге аласпайды. Жай тындаумен рақаттануда. Тек, анда-санда Құштарғұлдің дөңгелек қоңыр көзі мөлдірей құлімсіреп, жетімсіреп, жүргі қуанышпен тербелгендей, екі бетінің ұшы нұрланып, бал-бұл жанады. Өлең түсінетін, ақындар жанын түсіне білетін ибадатты қазақ әйелінің жақсы парасатын андатады.

Нұрекең тындағымыз келіп отырғанын түсінулі тәрізді. Көзінің астымен бағып, қас-қабактан сыр тындалп алыш, соған сай сөйлейді. Сабырлы да салмақты сөздері Сарыарқаның мол бітімі тәрізді келбетіне келістілік береді.

— Нұреке, — деді біраздан соң Қанафия, өзімсінген үнмен. — Дихан балаңыз бар, біз бәріміз боп жыр дәме етіп отырмыз.

Нұрекенден бұрын Құштарғұл құлімсіреп сұп-сүйкімді болыш алып:

— Атамда жыр деген көп! «Тайбурыл», «Күлбаршынды» да, «Қырық батырды» да, «Күлше қызды» да — бәрін біледі, бәрін айтады... Талай естіп рақаттанғанбыз, — деді.

Қазакы отбасының әйелі ғана емес, жаңа заманың жалынына тербеліп жайран ашыла бастаған совет әйелінің еркін үнімен еркелей айтты.

Құштарғұлдің мұнысына қаша риза болсам да, бұрыннан бар жаттанды фольклорлық дүниelerді тындаумен жыраудың ақындығын таныш бола ма?

— Олар белгілі ғой. Бізге Нұрекенің өз көкірегінің күркірі керек-ау осы, ә, Қанафия?! Солай емес пе? — деп едім. Сезімтал Нұрекең:

— Жөн, шырағым! Жүйрік өзі жүгірмей өзгені жүтіртіп жүйрік атанған болыш па? Мен сонша бір топ жарған жүйрік болмаспын. Қаражаяулығым да жок. Ақын жанын басқалардан бұрын ақын түсінетіні рас болса, әлгі өлең сөзінен түсінік алғандаймын. Түсіндім, өлең тілеп қамшылап өттің ғой мен кәрінді. Жарытпасам жазғырма! Суынған бой, сүрғылт тартқан ой кәрілігі болмаса, бір кездे Құлаштап сілтейтін, түйдектеп толғайтындардың өзі болмағанымен, жаман шәкірт емес еді бұл Нұрекендерің. Жарытпасам айыш етпендер, қараптарым, — деп жымыш қойды. Осы бір құлімсіреуінде көкіректегі жыр құдіретінің нұры білінгендей болды.

— Нені айт дейсіңдер, қалауларың білсін?! — деді шағын, онтайлы қоңыр домбырасын қолына алыш.

Қанафия екеуміз бірімізге-біріміз қарай қалып едік, Нұрекең домбыраны қыл мойнынан ұстаған күйі:

*Сексендегі шайырмын,
Сауатым жоқ айыбым.
Не айтуды тілесен,
Шырактар, соған дайынмын! —*

деп жіберді. Мен сөл ойланып қалдым. Октябрь, совет өкіметі, Ленин, халықтар достығы, жаңа заман, бақыттылық тәрізді өміріміздің тамаша такырыптары газет-журналдарда көп жазылып еді. Бұлар жөнінде Алатау төңірегіндегі халық ақындары да көп сілтеп тастаған емес пе? Сондықтан бұл кісіге соны такырып берсек деп ойлап отыр едім: жүйіткүді тіленген Нұрекең шыдамады білем:

*Балаларым бас қосып,
Тілесен жырдың базарын,
Бабына түскен тұлпардай,
Бауырымды мен де жазамын! —*

деп жіберді. Бұдан әрі кідіру Нұрекеңнің көңіл күйіне, көкірегінде бұлқынып «мені айт, мені айт, мені жырла!» деп отырған жыр толқынына қиянат тәрізді сезіндім де:

— Жаз шықты ғой, Нұреке, көктем туралы айтсаныз қайтеді? — дедім.

— Көктем туралы дейсің, балам, ә? — деп үйқыдан жаңа оянған тарлан арыстанша ыңыранып домбыра пернесін салалы саусақтарымен басып-басып жіберіп, ішіне жел тартқан тарландай ышқына дем тартып, А-пы! — деп ақырып жіберді.

Тына қалдық. Нұрекең сілтеп берді.

*...Жаз шықты, нұр төгілді алтын күннен,
Ән шырқап, сайрайды құс неше унмен.
Түгіндей көк макпалдың құлпырды жер,
Бөленді айдын дала хошты гүлмен.
Қалада жұмыс қызды, еңбек тасты,
Ырыстың ұлы еңбекпен көзін ашты.
Еңбектің жсанғырыққан дабылына
Толқыған еңбек әні араласты.
Жырт жерді, сеп тұқымды дер күнінде.
Тұқымның сенім күшті өнуіне!
Күні ертең еңбегінің нәтижесін
Орарсың мезгілінде піскенінде! —*